



БҰЙРЫҚ

2020 жылғы «12» маусым
Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 252
город Актөбе

Банкроттық басқарушыны міндетінен босату және тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабына 93 бабының 4-тармағына сәйкес және «Жаңатас-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 020740000820) 2020 жылғы 05 маусымдағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жаңатас-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, банкроттық басқарушысы Косжан Турумбетович Байдуллин банкроттық басқарушы міндетінен босатылсын.

2. «Жаңатас-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, банкроттық басқарушысы болып Арыстанбай Такеевич Есбергенов тағайындалсын.

3. Косжан Турумбетович Байдуллин жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпарат тапсырылсын.

4. Арыстанбай Такеевич Есбергеновке Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Арыстанбай Такеевич Есбергеновке Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етілсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №599 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуы бақылау Департамент басшысының орынбасары Отызбай Шәріпұлы Адаевқа жүктелсін.

Басшының
міндетін атқарушы

Адаев О.Ш.